

"Сирек кездесетін шет тілдер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 11-1-2/368 бұйрығының және "Сирек кездесетін шет тілдер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 11-1-2/368 бұйрығына өзгерістер енгізу" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2022 жылғы 16 мамырдағы № 11-1-4/210 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сыртқы істер министрінің 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 11-1-4/698 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 24 желтоқсанда № 35509 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналардың:

1) "Сирек кездесетін шет тілдер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 11-1-2/368 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15601 болып тіркелген);

2) "Сирек кездесетін шет тілдер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 11-1-2/368 бұйрығына өзгерістер енгізу" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2022 жылғы 16 мамырдағы № 11-1-4/210 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28112 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Адам ресурстары департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК